

Ұлыстың ұлы күні құтты болсын!



Павлодар облыстық газеті  
1929 жылғы 15 ақпаннан шығады

# SARYARQA SAMALY

19 наурыз, бейсенбі  
2026 жыл  
№11 (16130)



Urker  
MARTIS  
2022

ssamaly29@gmail.com



www.saryarka-samaly.kz



facebook.com/saryarqasamaly



@saryarqa\_samaly



@saryarqa\_samaly

НАУРЫЗ – ЖЫЛ БАСЫ

## Ауыл әнін әуелеткен әулет



Суретті түсірген - Есенжол Исабек.

ҚҰТТЫҚТАУ

**Құрметті  
Павлодар облысының  
тұрғындары!**

Қадірлі жерлестер!  
Сіздерді баршаңыздың жүрегіңізге жылулық пен шаттық сыйлайтын тамаша көктем мерекесі - Ұлыстың ұлы күні Наурыз мейрамымен шын жүректен құттықтаймын!

Тамыры тереңде жатқан бұл ұлық мейрам - табиғаттың жаңаруының, тіршіліктің қайта түлеуінің, ізгі үміт пен жарқын болашаққа деген сенімнің белгісі. Наурыз адамдарды жақындастырып, жүректерге мейірім мен нұр ұялатып, игі істерге бастайды.


Ғасырлар бойы бұл мереке ізгіліктің, кең пейілдің, татулық пен бірліктің нышаны болып келеді. Оның тағылымды дәстүрлерінде халқымыздың даналығы - үлкенге құрмет, кішіге қамқорлық, қонақжайлық пен ынтымақ сияқты асыл құндылықтар көрініс тапқан. Бұл құндылықтар бүгін де қоғамымыздың тұрақтылығы мен өркендеуінің берік негізі болып отыр.

Осы шуақты күні әр шаңыраққа қуаныш, ырыс-береке мен молшылық тілеймін. Көктемнің жаңаруы әр отбасына бақыт, үйлесім, зор денсаулық пен жаңа жетістіктер әкелсін. Барша игі тілектеріңіз қабыл болып, әр күніңіз сенім мен шаттыққа толы болсын!

Өңіріміз өркендеп, тыныштық пен тұрақтылық орнасын, ал оның тұрғындарына әрдайым бірлік, татулық пен амандық серік болсын!

Ұлыстың ұлы күні - Наурыз мейрамы құтты болсын!

**Асайын БАЙХАНОВ,**  
Павлодар облысының әкімі.



Телефон камерасымен осы QR кодты сканерлеу арқылы видео көре аласыз.

Ауыл - қазақы тәрбиенің алтын ордасы. Халқымыздың барлық салты мен дәстүрі, әдет-ғұрпы, мінезі мен тәрбиесі ауылда сақталған. Қазір көпшілік күнкөріс қамымен қалаға көшіп жатқан заман. Алайда ауылдан кіндігін ажыратпай, күнделікті тіршілігі арқылы ұлт құндылықтарын құндақтап отырғандардың қатарында Ақтоғай ауданы Жаңабет ауылындағы Қажмағанбетовтер отбасы бар.

Жалғасы 14-15-беттерде ►►